

Асылбек Мұстафа Ыбырайханұлын көпшілікке тәптіштеп таныстырып жату артық. Ол ұстаздығымен де, ақындық өнерімен де екібастұздықтарға жақсы танымал.

Мұстафа Ыбырайханұлы №26 орта мектепте ұстаздық етіп, тарих, Абайтану пәндерінен дәріс берген. Оқушылардың “Құран сүрелерінің құпиясы, әбжат есебі”, “Ежелгі жазу, қазақ ру таңбаларының құпиясы” тақырыптары бойынша ғылыми зерттеулеріне жеткішілік жасаған.

Бүгінгі күні жас өнерпаздарға қазақтың қасиетті күй өнерін үйретуде. Өзі де бірнеше күйдің авторы.

“Домбыра- бала кезімнен бергі серігім. Үйде кішкентай күнімде қолдан жасалған, ешкінің шегі тағылған домбыра бар еді, соны тартып өстім.

Өзім Қарқаралыда туғаныммен, 1946 жылдан бастап Ақмолада тұрдым. 1954-1955 жылдары Ақмолага Сайлау Боранбаев, Жұмағали Қыздарбеков деген жігіттер консерватория бітіріп келіп, солардан сабақ алдым. 1960 жылы Қазақстанның 40 жылдығына арналған оркестр құрып, Алматыда өнер көрсеттік. Күй тартуымы содан басталған.

Жүрегім домбырамен егіз сияқты көрінеді. Кейде құлағым домбырадан бір сыбыр естілгендей болып, кейіннен бір әуенге

орындап жүр. Жалпы, балаларға күй үйрету- оның жан-тәнімен беріле істейтін сүйікті ісі. Ол күй үйретуді қашанда тарихты айтудан бастайды.

“Әсіресе, Құрманғазының күйлері оқиғаға толы. “Кішкентай” күйін үлкен симфонияға ұқсатуға болады. Ол үстіңгі шектен бастап ойналатын күрделі күй. Күй авторы- Исатай, Махамбетті көзі көрген, олардың ерліктерімен таныс адам. Махамбеттің “Ереуіл атқа ер салмай” жырындағы суреттерді күй тілінде сөйлетіп берген. “Кісен ашқан” да автордың абақтыдан қашып келе жатып шығарған туындысы. Күй де темір кісеннің адам тәніне қалай батып келе жатқандығын жеткізіп тұрады. Міне, әр күйдің

кем? Осы жастар көп нәрсені өзгерте алар еді. Бір мысал келтірейін, біздің қаламызда “Арай” атты домбыра оркестрі бар. Соның 10 жылдық мерейтойын тамашаладым. Айтуға ұят, масқара оқиға болды. Микрофоннан қобыздың, баянның, басқа да үлкен аспаптардың үндері төгіліп тұрды. Ал сахнадағылардың қолдарында- тек домбыра... Бұл-білімсіздіктің көрінісі, өзімізге сын.

Мұстафа аға, осылайша өнерге де, өмірге де үлкен талғампаздықпен қарайды. Кейде өзінің өмірден түйген ойларын өлеңдеріне арқау ететіні де бар...

“Өлең демекші... Өлеңнің қалай жазылатынын өздерің де білесіңдер... Мектепте жүрген кезімде күнде бір мұғалім қиылып келеді де тұрады, “Аға, пәленшекенің туған күніне құттықтау жазып беріңізіші”, “Еске алу” шығарып беріңізіші” деп. “Айналайын-ау, мен ол кісіні танымаймын ғой”, - деп азар да безер болам. Оларды да ренжітпейін дейсің. Сөйтіп, құттықтау жазудан шебер боп кеткеніміз бар.

Жоғарыда әр шығарманың тарихы болатынын айттық қой. Сол сияқты, әр өлеңнің де тарихы бар. Әлі есімде, 1980-90 жылдары ауылымызда жиын-той көп болды. Бұрын қызыл ішіп қылымсып отыратын әйелдер “Ақтан күй!” дейтін күнге жетті. Кеңседе қызмет ететіндер директордың көзі тая бере туған күн, мерекелерді күн құрғатпай тойлауға айналды. Әйелдер қазақылықтан жұрдай бола бастады. Бірақ іштерінде инабатты келіншектер де жүреді. Ме-



“Жүрегім домбырамен егіз сияқты...”

айналып кетеді...

Мұстафа ағаның “Ой толғау” күйі осындай бір сиқырлы сәтте туған дүние еді. Қайда барса да бір әуен соңынан қалмайтындай... Сол әуенді көбінесе түскі үзіліске келгенде үйде жайбарақат отырып тартатын. Қасында күй тыңдап отырған жұбайы ақырын ғана ұйықтап кетеді. “Мені ылғи да ұйықтатып тастайтын бұл қандай күй?”- дейтін еді ол.

Бір күні 8-сыныпта оқитын баласы: “Папа, маған күй үйретші!”- дегенде, осыны үйреткен. Күйге тыңдарман қауым дуылдата қол соғып, риза болысты. Тыңдаған адамын тереңдікке тартып әклетіп аты жоқ күй сол күннен бастап “Ой толғау” атауына ие болды.

“Тұңғышым” деген күйім бар: бірінші балам туғандағы қуаныш сазы. Ал “Шашу” атты күйім немеремнің еншісінде. Жаныма ең жақын күйім деп “Аққу” күйін айтар едім. Бұл күй Қанипа Бұғыбаеваның “Қайда аққу, қайда арман, Қайда күндер жайдарман?!” деп келетін өлеңінің әсерімен туды.

Ауылымызда бір көл бар еді. Жылда соған алты жұп аққу келетін. Сол аққулар үйіміздің төбесінен ұшып өткенде, қанаттарының суылынан бір ән естігендей болатын ем. Тыңдаймын, қайталағым келеді. Жүрегімдегі сол үнді Қанипа ақынның сөздері қозғап жібергендей болды”.

Мұстафа Ыбырайханұлының күйлерін бұл күнде шәкірттері

осындай тарихы бар. Және оны білген бала шығарманы түсініп, беріле орындайды. Ал кейбіреулер нотаға қарап сыдыртып отырып, не ойнап отырғанын да білмейді. Бұл қазақы сезімнің, тебіреністің жоқтығынан”.

Күйші ұстаз қазіргі күйшілерден Секен Тұрысбековтің күйлерін жақсы көреді. Олар қаншама күрделі болса да, шәкірттері Секеннің “Көңіл толқыны”, “Ақ жауын” күйлерін шебер орындап жүр.

Мұстафа аға өзінің алдынан талай дарынды шәкірттердің өткендігін, алайда қаржылық және басқа да қолдау болмағандықтан, тек қана талаптанумен ешнәрсеге қол жеткізе алмағандықтарын айтады. Жалпы, Екібастұз қаласындағы өнерпаз қазақ жастарының бүгінгі халі оны қатты алаңдатады...

“Екібастұзда өнерпаз көп қой. Әсіресе, асаба жігіттерді қараңыз. Музыкалық білімдері бар қанишама қыз-келіншектер өздеріне лайықты қызмет таба алмай, жалақысы мардымсыз жұмыстарда жүр. Бәрі өз деңгейлеріне көтеріле алмай, жартты жолда қалып жатыр десек те болады. Өнерпаз көп те, қолдаушы жоқ.

Бағдат, Жомарт, Архаттар “Думан” орталығын құрды, бірекі рет концерт берді де, қойды. Меніңше, ол жігіттер осындағы өнер орталығын басқарулары керек. Солнечныйдағы Серік атты күйшіңіз қай музыканттан

нің “Қазақтың иман-жүзді келіншегі” деген өлеңі - сондай тәрбиелі жандарды басқаларға үлгі ету мақсатымен жазған туындым еді”.

Бұл күні Мұстафа Ыбырайханұлы - Екібастұз қаласындағы “Ақсақалдар әділ қазылығы” қоғамдық бірлестігінің мүшесі. Қарт ұстаздың жас ұрпаққа өнерден басқа да берер ұлағаты, ақыл-өнегесі көп.

“Қазір, шынымызда айтсақ, жастарға тәлім үйретерлік ақсақалдар аса көп емес. Біреуге үйретпек түгіл, өздері имандылықтың жөнін білмейді. Дінді білмей, намаз оқымайтындықтарын білмей қойғанда, әдет-ғұрыптан да алыс жүр.

Жастар туралы да көп ойланам. Жүріс-тұрыс, сөйлеген сөздері тым оғаш. Қыз-келіншектер тіпті қазақша сөйлегеніңді жақтырмай тұрабы. Кітап, газет оқымайды. Зиялы қауым саналатын жас мұғалімдер де солай”.

Қазір Мұстафа ағай ұлттық намысымызға көлеңке түсіретін осындай келеңсіздіктер болашақта қайталанбас үшін, оқушыларға имани тәрбие берумен айналысып жүр. “Ауылында қартың болса, жазулы тұрған хатпен тең” деген. Айтары көп ағадан жастардың да алары көп болуы тиіс.

Жанар ӘБДІКӘРІМ